

4 желтоқсан 2024 жыл

# FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Жаңа тапсырыстар өсімінің жаңғыруы  
іскерлік белсенділікті ары қарай дамытуға  
ықпал етпек

4 желтоқсан 2024 жыл

# FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

## Мазмұны

Негізг тұжырымдар

Шолу

Пікір

Сұраныс, жұмыспен қамту  
және әлеует

Инфляция

Қазақстан бойынша аралас  
PMI

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

## Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® қызмет көрсету көрсеткіштерін уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

# НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Қараша 2024

Жаңа тапсырыстардың тұрақты өсуі...

... іскерлік белсенділік өсімін жаңғыртуға ықпал етеді

Қызмет бағаларының инфляциясы төрт жылдағы ең төменгі  
межеде

Қызмет көрсету саласындағы PMI іскерлік белсенділік индексі - алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәніне тең. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетілген. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін мына жерді [басыңыз](#).

Freedom Holding Corp.  
Қазақстандағы қызмет  
көрсету салалары  
бойынша іскерлік  
белсенділік PMI

Қараша 2024

**50.8**



# ЖАҢА ТАПСЫРЫСТАР ӨСІМІНІҢ ЖАҢҒЫРУУЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРЫ ҚАРАЙ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТПЕК

## Қарашадағы деректерге сәйкес, негізгі сұраныс тенденцияларының қайта жақсаруына байланысты Қазақстанда қызмет көрсету саласындағы белсенді өсім қайта жаңғырған.

Freedom Holding Corp. және S&P Global indicated ұсынған соңғы PMI® деректері көрсеткендей, қарашада қазақстандық қызмет көрсетушілер алған жаңа тапсырыстар саны өсе түсті, осылайша бір ай бұрынғы құлдыраудан кейін жағдай қайта оңалды. Соңғы сауалнама кезеңінде де белсенділіктің қайта өскені байқалған еді.

Сол аралықта шығындар қысымы бәсеңдеді, бұл компаниялардың бәсекеге біршама қабілетті баға стратегиясын ұстануына мүмкіндік берді. Қазақстандағы қызмет түрлерінің орташа бағасы 2020 жылдың қарашасынан бері баяу қарқынмен өсті.

Негізгі көрсеткіш – іскерлік белсенділік индексі. Ол алдыңғы аймен салыстырғандағы іскерлік белсенділік көлемінің өзгеруі жайлы сұрайтын бір сұраққа сәйкес есептеледі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән өсімді, 50-ден төмен мән қысқаруды білдіреді. Индекс маусымдық құбылуды ескере отырып түзетіледі.

Маусымдық түзету енгізілген Іскерлік белсенділік индексі қараша айында өсім мен қысқарудың ара жігін ажырататын бейтарап 50 деген мәннен жоғары болды. Қазан айындағы 49.0 мәнінен кейін, осы айдағы 50.8 көрсеткіші Қазақстанның қызмет көрсету салаларындағы белсенділік орташа қарқынмен өскенін көрсетеді.

Қазақстандық қызмет көрсетушілерге түсетін жаңа тапсырыстар қайта ұлғая бастауының арқасында іскерлік

белсенділік өсім көрсетті. Сауалнамаға қатысқан компаниялардың пікірінше, бұған жаңа келісім-шарттар, табысты жүргізілген маркетинг шаралары, жаңа өнімдер қосу және бәсекеңің күшеюі түрткі болған.

Іскерлік сұраныстың артуына байланысты Қазақстандағы қызмет көрсететін кәсіпорындар қызметкерлер санын ұлғайтты. Қарашада үшінші ай қатарынан жұмыс орындары ашылды, компаниялар қызметкерді толық еңбек күніне алды. Алайда, жаңа тапсырыстар құбылмалы болатындықтан, компаниялар жұмыс орнын ашуда барынша сақтық танытты, сондықтан соңғы айда ашылған жұмыс орындары алдыңғы өсімге қарағанда әлдеқайда әлсіз, тым аз болды.


Бағаға келсек, алдыңғы екі айдағы секілді бағаға қысым сәл ғана өсті. Ресурс бағасының инфляция деңгейі сауалнама басталған 2019 жылдың наурыз айынан бергі ең әлсіз және тарихи орташа мәннен айтарлықтай төмен болды. Компаниялар әдетте материал бағасы мен коммуналды қызмет ақысы өскен кезде бизнес шығындары ұлғаяды деп көрсетеді.

Баға қысымының бәсең болуы Қазақстанның қызмет көрсету салаларына соған сай баға белгілеуге мүмкіндік берді. Қараша айында өндіріс құны тағы да өскеніне қарамастан, инфляция қарқыны 2020 ж. желтоқсан айынан бері ең төмен мәнде қалды. Бейресми деректерге сәйкес, кейбір компаниялар бәсеке қабілетін күшейте түсу үшін бағаларын төмендеткен.

Қазақстандық қызмет ұсынушылар болашақта белсенділік арта түседі деп үміттенеді, мұндай сенімділік деңгейі ай бойы өсіп, үш айда ең жоғары мәнге жетті, тіпті сауалнамадағы ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен де асып түсті. Мұндай оң көңіл-күйге жаңа өнімдер ұсыну, инвестицияны ұлғайту, маркетинг стратегиялары және сұраныс арта түседі деп күту ықпал етіп отыр.

### Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дерек 2024 ж. 12-26 қараша аралығында жиналған.

Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

# ПІКІР

## Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:


"Қарашада жаңа тапсырыстар саны айтарлықтай өсуіне орай, Қазақстанның қызмет көрсету салаларындағы іскерлік белсенділік қалпына келе бастағаны байқалды. Қызмет көрсетушілер маркетинг науқанының табысты болғанын, жаңа өнімдер ұсынылғанын және сұраныс артқанын атап өтті. Салаға қажет

еңбек күші жасақталып, өткен аймен салыстырғанда жұмысқа алу қарқыны анағұрлым бір қалыпты болды. Кейбір шығындар мен коммуналды қызмет ақысының артуына қарамастан, инфляциялық қысымның ұзақ мерзімді бәсең болуы саланың бәсеке қабілетін күшейтуге ықпал етті. Кей жағдайларда бұл фактор қызмет ақысын төмендетуге мүмкіндік берді. Таяу болашаққа деген сенім тарихи деңгейден асып түсіп, екінші ай қатарынан жақсарды. Бұл өсімге серпін берген негізгі орлар – инвестицияның ұлғаюы, маркетинг стратегияларының жүзеге асуы, жаңа өнімдер шығару және сұраныстың артуы."

## Байланысушы тұлға

Ерлан Әбдікәрімов  
Қаржылық талдау департаментінің директоры,  
Freedom Finance Global PLC  
[Yerlan.abdikarimov@ffin.kz](mailto:Yerlan.abdikarimov@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



# СҰРАНЫС, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

## Қарашадағы деректерге сәйкес, Қазақстанның қызмет көрсету салаларында өндіріс пен жаңа тапсырыстардың өсімі қайта жаңғырған.


Тоқсан басындағы құлдыраудан кейін, қарашада Қазақстандағы іскерлік белсенділік өсімі баяу болса да қайта жаңғырды. Бейресми деректерге сәйкес, оған сұраныстың да дәл осылай өсуі серпін берді.

Маусымға сай түзетілген Жаңа іскери белсенділік индексі қарашада өсу бағытында болды, соңғы үш сауалнама кезеңінің екеуінде өсім болғанын айта кету керек. Жалпы алғанда өсім қарқыны тұрақты болды. Жаңа келісім-шарттар, табысты жүргізілген маркетинг шаралары, жаңа өнімдерді таныстыру мен бәсекенің күшеюі

өсімге түрткі болды.

Қазақстанның қызмет көрсету салаларында жұмыспен қамту қарашада үшінші рет ай сайынғы өсімді көрсетті. Өсіммен қатар, компаниялар бизнестегі жоғары талаптарға барынша сай болу үшін толық еңбек күндік шартпен жұмысқа қызметкерлер алғанын атап өтті. Алайда, жұмыс орнын ашу қарқыны елеусіз және жоғарыда аталған өсім тізбегіндегі ең әлсізі болды.

Бұл айда іскерлік сенімділік те жақсарды, болашақ белсенділікке қатысты оптимизм деңгейі қарашада үш айдағы ең жоғары мәнге жетті. Негізгі деректер көрсеткендей, сапалық зерттеу мәліметтерімен қатар, респонденттердің 37%-ы (қысқару күтетіндер 3%), сұраныс ұлғаяды деп үміттеніп отырып, жаңа өнімдерді таныстыру, инвестиция және маркетинг шараларының арқасында өсім күтеді.




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

## Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.




# ИНФЛЯЦИЯ

## Өндірістік шығындар инфляциясының қарқыны қарашада баяу болды.

Материал мен коммуналды қызмет ақысы көтеріліп, бағаға қысым күшейгеніне қарамастан, инфляция қарқыны бәсең болды және екінші ай қатарынан айтарлықтай өзгерген жоқ. Іс жүзінде респонденттердің 99%-ға жуығы қазан айынан бері бизнестегі

шығындары өзгермегенін айтты.


Өзіндік құнға қысымның бәсең болуы компаниялардың өнім бағасын түзетуіне мүмкіндік берді, қараша айында баға соңғы төрт жылға жуық уақыттағы ең баяу қарқынмен көтерілді. Бұған қоса, кәсіпорындар клиент тарту және бәсекеге қабілетті болып қалу үшін қызмет ақысын төмендеткен.



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

■ Ресурс бағасы  
■ Баға белгілеу

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРАЛАС PMI®

## Қазақстандағы жеке сектор белсенділігінің өсімі жаңғырды

Қазақстандағы Өндірістің аралас PMI\* индексі қараша айында 51.9 мәнмен өсу бағытында болды, қазанда бұл мән 49.6 болған еді, бұл соңғы 14 айдағы өсімнің қайта жаңғырғанын көрсетеді. Өндірістегі бұл көрсеткішке өңдеу өнеркәсібіндегі елеулі өсім мен қызмет көрсету саласының аздап қалпына келуі серпін берді.

Өндіріс көлемінің артуына жаңа тапсырыстардың елеулі және

айтарлықтай ұлғаюы түрткі болды. Өсім тоғыз ай қатарынан байқалды, бұл 2023 жылдың қыркүйек айынан бергі ең жедел өсім.

Сұраныстың артуына қарамастан, баға қысымы негізінен қазан айында байқалған деңгейде қалды, қалыптасқан орташа мәннен төмен болды.

Болашаққа көз жүгіртсек, белсенділіктің келешегіне деген сенім қарашада екінші ай қатарынан жақсарды, екі негізгі сала бойынша да алдағы 12 ай бойы өндіріске қатысты оптимистік ниет басым.

Аралас PMI индексі өндірістегі өнім өндіру және қызмет көрсету PMI салыстырмалы индекстерінің орташа мәні негізінде есептеледі. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Қазақстанның Аралас қуат Индексі - Қазақстанның өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қазақстанның Қызмет көрсету іскери белсенділік индексінің орташа мәні.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. S&P Global Market Intelligence арқылы Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ©2024 S&P Global.






■ Аралас

**Өндіріс**

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

■ Өнім өндіру

**Жаңа бизнес**

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

■ қызметтері

**Болашақ өндіріс**


Индекс, >50 = өсім



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

■ Жұмыспен қамту

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақо).

■ Ресурс бағасы


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

■ Дайын өнім бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Аралас өндіріс (өнім өндіру және қызмет көрсету)  
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)


қазан '24



## Америка

■ US ■ CA ■ BR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

## Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

■ EZ ■ GB ■ RU ■ SA\* ■ NG\*\* ■ ZA\*\*

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

## Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ AU ■ SG\*

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

## Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары  
CA Канада  
BR Бразилия

EZ Еуроаймақ  
GB Бірікке Корольдік  
RU Ресей

SA Сауд Арабиясы\*  
NG Нигерия\*\*  
ZA Оңтүстік Африка\*\*

CN Қытайдың ішкі өлкесі  
JP Жапония  
IN Үндістан

AU Аустралия  
SG Сингапур\*


\*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. \*\*Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

қазан '24

X осі = PMI, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

### Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

### Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

### Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

### Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AE Біріккен Араб Әмірліктері\*

CA Канада

FR Франция

HK Гонконг ІҚХР\*

JP Жапония

MZ Мозамбик\*\*

SA Сауд Арабиясы\*

ZA Оңтүстік Африка\*\*

AU Аустралия

CN Қытай

DE Германия

IE Ирландия

KE Кения\*\*

NG Нигерия\*\*

SG Сингапур\*

ZM Замбия\*\*

BR Бразилия

EG Египет\*

GB Бірікке Корольдік

IN Үндістан

KZ Қазақстан

QA Қатар\*

UG Уганда\*\*

US Құрама Штаттары

\*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. \*\*Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

# ӘДІСТЕМЕ

## Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай

түзетіліп отырады.


Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістігі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Аралас Өндірістік Индекс-Өндірістігі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [economics@spglobal.com](mailto:economics@spglobal.com) поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі  
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Белгі (мәні)	
1	Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар
2	Өсім бар, жедел қарқынмен
3	Өсім, ұқсас қарқынмен
4	Өсім, баяу қарқынмен
5	Өсім бар, өзгеріссіз қалған
6	Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау
7	Құлдырау, жедел қарқынмен
8	Құлдырау, ұқсас қарқынмен
9	Құлдырау, баяу қарқынмен
10	Құлдыраудан соң, өзгеріссіз

### Сауалнама ауқымы

250 қызмет көрсетуші

### Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

### Сауалнама сұрақтары

Іскери белсенділік, жаңа бизнес, жаңа экспорттық бизнес, болашақ белсенділік, жұмыспен қамту, үлгілі бизнес, ресурс бағасы, баға белгілеу.

### Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

H Тасымалдау және қоймаға сақтау

I Орналастыру және тамақтандыру саласындағы қызмет

J Ақпарат және коммуникация

K Қаржы және сақтандыру қызметтері

L Жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер

N Әкімшілік және қолдау көрсету қызметтері

P Білім беру\*

Q Денсаулық және әлеуметтік жұмыс саласы \*

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

S Өзге де қызмет салалары

\*Тек жеке сектор

# ҚОСЫМША АҚПАРАТ

## Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапталдырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

[www.freedomholdingcorp.com](http://www.freedomholdingcorp.com)

## S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

[www.spglobal.com](http://www.spglobal.com)

## S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

[www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi](http://www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi)

## Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбикәрімов  
Қаржылық талдау  
департаментінің директоры,  
Freedom Finance Global PLC  
[Yerlan.abdikarimov@ffin.kz](mailto:Yerlan.abdikarimov@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс  
департаменті  
Freedom Finance Global PLC  
[pr@ffin.kz](mailto:pr@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp.

Марьям Балуч  
Экономист  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 (0) 1344 327 213  
[maryam.baluch@spglobal.com](mailto:maryam.baluch@spglobal.com)

Сабрина Мэйин  
Корпоративті коммуникация  
жөніндегі маман  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 (0) 7967 447 030  
[sabrina.mayeen@spglobal.com](mailto:sabrina.mayeen@spglobal.com)

## Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»). Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік , міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.